ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 қаңтар №4360-23-00-2/2878 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «№ 2 облыстық мамандандырылған мектеп- лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ислам» атауымен әрекет етуші Капура Тукеновна Омарова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Г.Т.Алниязова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 қыркүйекте талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №59 тауарды мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - Шарт) жасалған. Шарттың жалпы сомасы 134 990 теңгені құраған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер 10 дана ішекті домбыра тауарын Шарт күшіне енген күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде, яғни 2023 жылғы 9 қазанға дейін жеткізуге тиіс болған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен 2023 жылғы 8 қарашада сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қою бойынша жазбаша пікірін ұсынбаған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерге сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарау ұйғарылды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Сот отырысында анықталғандай, Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер жалпы сомасы 134 990 теңгені құраған 10 дана ішекті домбыра тауарын жеткізбеген. Яғни, жауапкермен шарт бойынша өз міндеттемесі орындалмаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 8 қарашада жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Елшібеков Б. Е., 20.02.2024

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «№ 2 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Ислам» атауымен әрекет етуші Капура Тукеновна Омарова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер ««Ислам» атауымен әрекет етуші Капура Тукеновна Омаровадан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.
Судья **Б.Е. Елшібеков**

Анықтама:Шешім 20.02.2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.02.2024, судья Елшібеков Б. Е., 20.02.2024

4360-23-3-1/3073